

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледжі



ИНДУСТРИАЛДЫ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

Тараз 2022 жыл

Индустрриалдық кеңес ережесі

Кеңесті құру қажеттілігі: Индустрриалдық кеңес (ИК) қызметін ұйымдастыру жөніндегі

әдістемелік ұсыным «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25 тармақшасына сәйкес әзірленді.

Индустриалдық кеңес (ИК) консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңес құрамына сала өкілдері, колледждің академиялық құрамы және өзара тиімді қарым- қатынаста бірге жұмыс істейтін басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар кіреді.

Колледждің пайдасы білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз етуде және салалық кәсіпорындармен формальды байланыс орнатуда.

Кеңеске қатысудағы бизнестің пайдасы - колледжге кәсіпкерлердің және еңбек нарығының талаптарына сай, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие білікті мамандарды даярлауға атсалысу.

Кеңес «Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледжіне Тараз қаласының өнеркәсіптік индустриясының қажеттіліктерін қанағаттандыратын бағдарламаларды әзірлеуге және өзектілігін сақтауға көмектесу үшін құрылды.

Кеңес мүшелері бір немесе бірнеше колледж бағдарламаларына сәйкес келетін белгілі бір кәсіптік салаға байланысты тәжірибесімен білімі бар, колледжден тыс адамдардан тұрады.

Индустриалдық кеңес колледжде сарапшыларға және техникалық көмек көрсетуге, экономиканы салалық ерекшеліктеріне сәйкес мамандықтар бойынша тиімді кадрлармен қамтамасыз етуге, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін шешу үшін құрылды.

Колледждің индустриалдық кеңестің құрамына кәсіпорындардың өкілдері – әлеуметтік серіктестер, өндірістік оқыту шеберлері және арнайы пән оқытушылары кіреді. Кеңес кеңесші болып табылады және әкімшілік және атқарушы сипатқа ие емес.

Индустриалдық кеңес мақсаты:

Салалар бойынша еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес жоғары білікті кадрларды даярлау мақсатында дуальды оқыту бағдарламаларын, модульді күзінеттілікте негізделген тәсілді дайындауға көмектесу.

Индустриалдық кеңес міндеттері:

- Білім беру қызметінде колледжбен бизнес құрылымдарын ынтымақтастығын нығайту және тиімділігін арттыру.
- Стратегиямен дамудың перспективалық бағыттарын қалыптастыруға қатысу;
- Инфрақұрылымды дамыту жоспарлары бойынша кадрларды бірлесіп даярлау және біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдар беру.
- Заманауи білім беру технологияларымен үздік әлемдік тәжірибе құралдарын енгізу.
- Оқытушылардың құрамын интеллектуалды әлеуетінің сапасын арттыру, оқу –әдістемелік материалдарды әзірлеу және сатып алу, студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасын енгізу, колледж имиджін көтеру.

Кеңес қызметінің құрылымы:

- Консультативтік кеңес жылына 2 рет жиналады.

- Онда стратегиялық даму мәселелерімен қатар, колледждің индустриалдық комитеттерінің жұмыс қорытындыларын қарастырады.
- Колледжде индустриалдық комитеттер құрылды, олардың жетекшілері кеңес құрамына кіреді.

Индустриалдық комитеттер

Миссиясы: Комитеттер жеке білім беру бағдарламалары бойынша кеңес береді, әрбір комитет қаралатын бағдарламаға сәйкес келетін нақты кәсіби саламен байланысты тәжірибесі мен білімі бар тиісті компаниялардың, кәсіпорындардың салалық және кәсіптік қауымдастықтардың басшылары немесе мамандары, білім беру ұйымдарының түлектері, жұмыс берушілер және академиялық топтардан құралған мүшелерден тұрады.

Комитеттердің отырыстары Төрағаның немесе комитеттердің, бағдарлама кураторының немесе мүшелерінің талап ету бойынша жылына 1 рет кездесу өткізу.

Дауыс берушілердің 50% қатысса, кворум заңды болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.

Индустриалдық комитеттер мақсаттары мен міндеттері:

- Индустриямен тығыз байланыспен коммуникациялық платформа құру.
- Академиялық бағдарламаларды дамытуға ұсыныстармен кеңестер беру.
- Жоғары білікті тәжірибелі оқытушылармен, оқу- зертханаларымен қамтамасыз ету мәселелерінде қолдау көрсету.